

Әкімдіктің 2008 жылғы 15 желтоқсандағы № 2940 "Әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу бойынша Нұсқаулықты бекіту туралы" қаулысына өзгерту енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 23 қаңтардағы N 14759 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Өскемен қалалық әділет басқармасында 2012 жылғы 14 ақпанда № 5-1-180 тіркелді. Күші жойылды - Өскемен қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 28 маусымдағы N 1606 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Өскемен қаласы әкімдігінің 2012.06.28 N 1606 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңының 18-бабының 7-тармағына, 19-бабының 3-тармағына сәйкес, Шығыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2011 жылғы 27 тамыздағы шешімін орындауда Өскемен қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әкімдіктің 2008 жылғы 15 желтоқсандағы № 2940 «Әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу бойынша Нұсқаулықты бекіту туралы» қаулысына келесі өзгерту енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу бойынша Нұсқаулықтың 7-тармағы жаңа редакцияда мазмұндалсын:

«7. Біржолғы материалдық көмек аз қамтылған зейнеткерлерге, асырауында кәмелеттік жасқа толмаған балалары бар отбасыларға, мүгедектерге, жұмыссыздарға, сонымен қатар, отбасы табиғи апат, өрт, бақытсыз жағдай, аурудың ауыр түрлеріне шалдығу нәтижесінде ауыр материалдық жағдайға душар болған азаматтарға жылына тек қана бір рет көрсетіледі.»

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

Өскемен қаласының әкімі

И. Әбішев